

**2017 жылға арналған мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытуға
мемлекеттік білім беру
тапсырысын, жан басына
шаққандағы қаржыландыру
және ата-ананың ақы төлеу
мөлшерін бекіту туралы
Қостанай ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 2 наурыздағы
қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 17 наурызда № 6922 тіркелген) Қостанай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 наурыздағы №108 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 наурыздан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қостанай ауданының әкімі

К. Ахметов

